



## ҚОҒАМДЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ КАФЕДРАСЫ

### Тақырып: Экологиялық қауіп қатер

Орындаған: Агабекова Аяулым  
Факультет: МПД-13-001-01қ  
Курс: 5  
Қабылдаған:

Алматы-2018жыл

# Жоспар:

- ▶ I.Кіріспе
- ▶ II.Негізгі бөлім
  - ▶ 1 Табиғи төтенше жағдайлар
    - ▶ 1.1 Жер сілкіну
    - ▶ 1.2 Көшкіндер
    - ▶ 1.3 Жанартау атқылауы
    - ▶ 1.4 Сел тасқындары
  - ▶ 2 Суға қатысты апаттар
    - ▶ 2.1 Су тасу апаты
    - ▶ 2.2 Цунамилер
  - ▶ 3 Атмосфера алабындағы төтенше жағдайлар
    - ▶ 3.1 Дауылдар
    - ▶ 3.2 Құйындар
  - ▶ 4 Адамның тікелей іс-әрекеттерден болатын апаттар
- ▶ III.Қорытынды
- ▶ IV.Пайдаланған әдебиеттер

## ▶ **Экологиялық**

**апат** — табиғат — табиғат пен қоғам — табиғат пен қоғам арасындағы тепе-теңдіктің күйреуі. Экологиялық апат кезінде төтенше жағдайлар туып, табиғи экожүйелер мен әлеуметтік жағдайлар күрт өзгереді, жалпы тіршілікке, соның ішінде адамның қалыпты өмір сүруіне қауіпті жағдай төнеді.

- ▶ Экологиялық апатқа ұшыраған аумақтардағы табиғат өзгерістерін бастапқы қалпына келтіру мүмкін болмайды. Сондықтан Экологиялық апат қайтымсыз құбылыс болып саналады. Экологиялық апаттың таралу деңгейіне қарай: ғаламдық, аймақтық және аумақтық (жергілікті) деп бөлінеді.

- Ғаламдық Экологиялық апат бүкіл биосферадағы Ғаламдық Экологиялық апат бүкіл биосферадағы табиғи процестерге әсер етіп, барлық адамзатқа Ғаламдық Экологиялық апат бүкіл биосферадағы табиғи процестерге әсер етіп, барлық адамзатқа қауіп төндіреді. Мысалы, климаттың ғаламдық жылынуы, Әлемдік мұхиттардың Ғаламдық Экологиялық апат бүкіл биосферадағы табиғи процестерге әсер етіп, барлық адамзатқа қауіп төндіреді. Мысалы, климаттың ғаламдық жылынуы, Әлемдік мұхиттардың ластануы, озон Ғаламдық Экологиялық апат бүкіл биосферадағы табиғи процестерге әсер етіп, барлық адамзатқа қауіп төндіреді. Мысалы, климаттың ғаламдық жылынуы, Әлемдік мұхиттардың ластануы, озон қабатының (озонсфера Ғаламдық Экологиялық апат бүкіл биосферадағы табиғи процестерге әсер етіп, барлық адамзатқа қауіп төндіреді. Мысалы, климаттың ғаламдық жылынуы, Әлемдік мұхиттардың ластануы, озон қабатының (озонсфера) жұқаруы, қышқылды жаңбырдың жаууы, т.б. Экологиялық апаттың пайда болуына әсер ететін жергілікті де, байланысты табиғи және антропогендік

□ Мысалы, палеозойдың ордовик кезеңінің соңында екі рет жойқын Экологиялық апат болған. Оған Әлемдік мұхиттар деңгейінің алғаш күрт төмендеуі және екінші рет оның күрт көтерілуі әсер етіп, бұрынғы тіршілік еткен теңіз жануарларының көптеген түрлері толықтай жойылып кеткені дәлел. Кейде ғылым-технология прогрестің қарқынды дамуының өзі Экологиялық апаттарға әкелетіні белгілі. Мысалы, 1945 жылы атом бомбасының қолданылуы, 1986 жылы Чернобыль АЭС-сындағы техногендік апат, т.б. 20 ғасырда адам қолымен жасалған Экологиялық апатқа Арал теңізінің тартылып қалуы жатады; қ. Арал апаты

## □ Табиғи төтенше жағдайлар

Табиғатта болып жататын экологиялық апаттардың ішінде төтенше жағдайларды білу өте маңызды. Өйткені бұл апаттар кенеттен пайда болады да жергілікті кожүйелер. Елді мекендер аяқ астынан сұрапыл апатқа ұшырайды. Мұны біз төтенше жағдайларға жатқызамыз. Төтенше жағдайлар шығу тегіне карай табиғи және техногенді деп бөлінеді. Табиғи төтенше жағдайлар - табиғи құбылыстар. Оларға сел тасқыны, жер сілкінісі (зілзала), көшкін, дауыл, жанартау атқылау, т.б. жатады.





## □ Көшкіндер

- Көшкіндер таулы жерлерде, төбелерде, теңіз жағалауларында болып тұрады. Топырақ көшкіні көп жағдайда жер сілкінумен қатар жүреді. Кейбір көшкіндердің биіктігі 20 метрге жетіп, жолындағының бәрін басып қалады.
- Қар көшкіндері қыс кезінде биік таулар аймағында болады. Қалың қар массасы бір-бірімен қосылып жылжып жолындағы заттарды ілестіре отырып, қар-топырақ аралас ірі көшкінге айналады. Апат жолында тұрған кез келген объектілерді өзімен бірге ала кетеді. Мұндай жағдайлар Іле, Алтай, Жетісу (Жоңғар) Алатауларында жиі болады. Қыс кезінде саяхатшыларға қауіпті жерлер ескертіледі. Қар көшкіні адамның іс-әрекетін де болады.



## ▶ Жанартау атқылауы

▶

- ▶ Жер қабаттарында магмалық жыныстардың жер бетіне қарай жылжуы,өзімен бірге газ бен су буларын сыртқа шығарады. Табиғат құбылысы жолындағы биоценозды, шаруашылықтарды қиратып, ауаға зиянды газдарды шығарады. Жанартаулар атқылауы кезінде өрт, топырақ көшкіндері, су тасқындары болуы мүмкін.

## ▶ Сел тасқындары

- ▶ Сел тасқындары көбіне биік таулы жерлерде көктемде және жаз айларында болады. Өзімен бірге балық, тас, қоқыстарды ағызып, жолындағының бәрін бұзып өтеді. Табиғи ландшафтыларға, орман-тоғайға, елді мекендерге үлкен шығын келтіреді, кейбір көлдерді, экожүйелерді жойып жібереді. Мысалы, 1963 жылы Іле Алатауындағы әсем көлдің бірі – Есік көлінде осындай тасқын болды.

## □ Су тасу апаты

- ▶ Су тасу – теңіз, көл, өзен жағалауларында болатын табиғи құбылысы. Су тасудан мұхиттар мен теңіз жағалауларында елді мекендер жиі зардап шегеді. Біздің республикамызда су тасу жағдайлары Іле, Жайық, Сырдария, Нұра, Тобыл, т.б. өзендер бойында көктемде жиі байқалады. Оның себебі, көктемде қар сулары қосылып, жағаны су басып кетеді. Су басқан жерлер бұзылып, ластанып, жарамсыз жерлерге айналады. Ал фаунасы мен флорасы лай су астында қалып, тіршілік мекендері бұзылып, жаппай қырылып қалуы мүмкін.
- ▶ Соңғы жылдары Каспий теңізінің көтерілуі салдарынан оның жағалауындағы мұнай ұңғымаларын, мұнай қоймаларын, жолдар мен елді мекендерді, мұнай өңдейтін зауыттарды су басып қалып, мұнай өнімдері теңіз суына араласы, табиғатқа үлкен экологиялық апат әкелді.

# Цунамилер

- **Цунамилер** — теңіздер мен мұхиттардың айдынында судың гравитациялық күшінен пайда болатын толқындар. Бұл құбылыстар көбіне суастындағы жер сілкіну, жанартаулар атқылау кезінде болса, ал техногенді жағдайда су астында ядролық қаруды сынаған кезде болады. Цунамилер кезінде теңіз кемелері, мұнай таситын танкерлер апатқа ұшырап, мұнай өнімдері төгіліп, бүкіл балықтар мен құстарды улап, жаппай қырып жояды.

## □ Атмосфера алабындағы төтенше жағдайлар

- Дауылдар ауа қысымының әсерінен пайда болып, жер бетінде күшті желдер тудырады. Ал борандар қарлы, шаңды, жауын-шашынды болып ауыл шаруашылығына (бау-бақшаға, егістікке), ғимараттарға, табиғи биоценоздарға көп шығын келтіреді. Жер беті жалаңаштанып топырақ, жел эрозиясын тудызады. Дауылдар мен борандар Қазақстанның оңтүстік, оңтүстік-шығыс, орталық аймақтарында жиі болып тұрады.
- Құйындар – ауа ағысының үйіріліп, күшті соғуы. Құйындар соққан кезде жолындағы заттарды ұшырып, қиратып, бір жерден екінші жерге апарып тастайды. Тарихта аспаннан балық, бақа жауған деректер бар. Ол – құйынның әрекеті.



- Аталған төтенше жағдайлардан басқа адамның тікелей іс-әрекеттерден болатын апаттар да бар.
  
- 1. Автокөліктер апаты жол тәртібін, техника қауіпсіздігі ережелерін сақтамаған жағдайда әр түрлі жолдар бойында (теңіз, темір және тасжолдар, т.б.) болады.
  
- 2. Ұшақтар апаты. Жолаушы, жүк тасымалдау, ғылыми мақсаттар, сынақ кезінде ұшақ, тікұшақ, ғарыштық зымырандар, реактивті ұшақтар апат болуы мүмкін. Бұл апаттар аумақты жерлерді қамтып, табиғатқа әр түрлі деңгейде шығын әкеледі. Әсіресе Байқоңыр ғарыш айлағынан ұшырылатын ғарыш кемелері мен Жер серіктерінде болатын қауіп екерше. Мысалы, 1999 жылғы Протон\* , 2006 жылғы Днепр\* ғарыш зымырандарының апаты кезінде қазақ жеріне зор зиян келтіргені белгілі.
  
- 3. Өнеркәсіп орындарындағы апаттар. Бұл апаттар технологиялық процестердің бұзылуы, техника қауіпсіздігі ережелерін сақтамау, техниканың ескілігі салдарынан болады. Әсіресе химия, мұнай, уран, атом энергиясын өндіретін өнеркәсіптегі апаттар өте қауіпті. Олардан ауаға, суға, қоршаған ортаға зиянды заттар шығарылып, бүкіл тіршілік атаулыны жоюы мүмкін.



# Қорытынды

- ▶ Бүгінгі таңда адамның қалыпты өмір сүруіне және дамуына шарт ретінде табиғи ортаны сақтау мәселесі мемлекет назарында ғана емес, әрбір адамның жеке назарында болу керек. Халықаралық декларацияларында бекітілген қағидалар және табиғатты сақтаудың шарттары әрбір адам, қандай мемлекеттің азаматы болмасын ұстану қажет. Адам бір қатар экологиялық құқықтарға ие болды, оның ең маңыздысы – қолайлы қоршаған табиғи ортаға ие болу құқығы. Оның орнына адам баласына қоршаған табиғи ортаның сақтауға көмектесуі, өз әсерлерімен табиғатқа зиян келтірмеу міндеті жүктелуі керек. Дүние жүзінің ғалымдары әрдайым құқыққа сәкес келмейді, себебі құқық адамға табиғаттан берілген, ал міндетті мемлекет жүктеу тиіс.

# Қолданылған әдебиеттер:

- ▶ «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «[Қазақ энциклопедиясы](#)» Бас редакциясы, 1998 [ISBN 5-89800-123-9](#), X том
- ▶ 2. ↑ Сәтімбеков Р. Биология: Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 11-сыныбына арналған оқулық. — Алматы: "Мектеп" баспасы, 2007.

1. **Интернет желілері**
2. **[www.google.ru](http://www.google.ru)**